

Нүктелі үтір

1. Нүктелі үтір санамаланып айтылған, мағыналары ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылады.

Хаттамада:

Жиналыс мынадай күн тәртібін қабылдады:

- жұмыс тәртібі туралы ережені бекіту;
- төрағалар сайлау;
- заң жобасын қайта бекіту.

Телефонхатта:

1. Міндетті деректемелерден тұрады:

- жөнелтуші;
- хабарды беру, күні мен уақыты;
- адресат;
- құжаттың мәтіні;
- қолы;
- телефонхатты қабылдаған тұлғаның лауазымы және аты-жөні;
- телефонхатты жіберген жөнелтушінің телефон нөмерлері көрсетіледі.

2. Күн тәртібі:

- Астана қаласының тұрғындарына 2008 жылға арналған алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдіру мен дамыту бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы;
- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының 2008 жылғы жүзеге асырылу барысы туралы;
- Аудан әкімдерінің «Аудандарды дамытудың болашағы туралы» есебі.

- Хабарландыруда:

1. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:

- қаржы саласында қызмет көрсету жөніндегі менеджер қызметіндегі жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл;
- мемлекеттік тілді және шетел тілдерін жетік білу (ағылшын, араб);
- жоғарғы менеджерлік білімі;
- қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды білу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді білу.